ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 шілде №3313-23-00-2/764 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы Ә.Қ.Құсайынованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»,

ЖАУАПКЕР: «Billion dollar» жаупкершілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 13 сәуірде «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен «Billion dollar» жаупкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі Кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыналу туралы № 990140003041/230292/00 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші тапсырыс берушіге тауарларды, яғни көп функциялық құрылғы 8 дана көлемінде шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 28 сәуірге дейін жеткізуге міндеттелген. Алайда, Өнімберуші Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, келісім шарт бір жақты тәртіппен бұзылған, бұл мән-жай іс құжаттарымен дәлелденеді.

Шарттың жалпы сомасы 1 971 200 теңгені құрайды.

Мекеме жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, шарт бойынша өнімберуші өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамағаны үшін

Аталған заң нормасының шеңберінде жаупкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1725 теңге, және талап қоюшының пайдасына 1479 теңге өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Billion dollar» жаупкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Billion dollar» жаупкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 220540006903 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Billion dollar» жаупкершілігі шектеулі серіктестігінен БСН 220540006903 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 49280 теңге және мемлекеттік баж шығындары 1479 теңге, барлығы 50759 (елу мың жеті жүз елу тоғыз) теңге өндірілсін.

Billion dollar» жаупкершілігі шектеулі серіктестігінен БСН 220540006903 мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК – нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья М.Б.Киргабаков

Көшірмесі дұрыс

Судья М.Б.Киргабаков

Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылғы «__» ____ әзірленді.

Судья М.Б.Киргабаков

Шешім күшіне « 21 » тамыз 2023 жылы енді

Судья М.Б.Киргабаков

Шешім тігілді және нөмірленді бетте

М.Б.Қыргабаков

Құжатқа қол қойылған Киргабаков М.Б., 14.07.2023

3313-23-3-1/793